



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№25 (881) Сәрсенбі 19 маусым 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті

Осы жылғы 14 маусымда Қызылорда облысының әкімдігінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаев, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық мәслихат төрағасы, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ қалалар мен аудандардың әкімдері және облыстық басқармалардың басшылары қатысты.

Мәжілісте «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасына» енгізілген салалар: әлеуметтік сала, агроөнеркәсіптік кешені, жер, жол және инфрақұрылым, бизнес, жылу электр орталығы, сонымен қатар, сейсмикалық қауіпсіздік салалары бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды.

Атап айтқанда, жиын барысында өңірлік Антикор басшысының бірінші орынбасары А.Ашиқов білім беру, медицина, инфрақұрылым салаларына жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыртқы талдау, сонымен қатар сібір жарасы қорымдары, сейсмикалық қауіпсіздік, жеке тұрғын үй құрылысы салаларына жүргізілген тиісті мониторинг нәтижесімен енгізілген ұсынымдар мен олардың орындалу барысы жөнінде баяндама жасады.

«Бизнеске жол» жобасы аясында жыл басынан бері 1500-ден астам кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары қорғалды.

Кәсіпкерлерге кедергі келтіріп, бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік органдардың 18 қызметкері тәртіптік, 1 қызметкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 1 лауазымды тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Өңірде су тасқыны бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен тәуекелдерді алдын алу мақсатында, бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты игерілуін және салынып жатырған су бөгеттерінің сапасын қатаң бақылауға алу ұсынылды.

Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасының жүзеге асыру барысы туралы жеткізіліп, атқарылған жұмыстар бойынша бейнеролик көрсетілді. Мысалы, волонтерлермен «Бірінғай сапып алу терезесі» порталына жүргізілген мониторингтің нәтижесінде, бағаның негізсіз көтерілу фактілері анықталып, қабылдаған шаралармен 190 млн. тенгеге жуық бюджет қаражаты үнемделген.

Бұдан басқа, Департаментпен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеу және сату саласына жүргізілген мониторингпен бірқатар сыбайлас жемқорлық факторлары анықталып, құқық қолдану тәжірибесін жандандыру мақсатында мүдделі органдарға тиісті ұсынымдар берілді.

Отырыстың қорытындысымен, облыс әкімі Н.М.Нәлібаев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсынымдарды қолдап, жергілікті атқарушы органдардың тиісті басқарма басшыларына және қала, аудан әкімдеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және орын алған бұзушылықтарды жою жөніндегі нақты шараларды шұғыл қабылдап, Заңның дәл және біркелкі орындалуы жөнінде тапсырмалар берді.

## Аймақта цифрлық жобаларды дамыту мәселелеріне арналған жиын өтті

Бүгін облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановтың төрағалығымен өңірдегі цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту мәселелеріне арналған жиын өтті.

Басқосуға Сыр еліне жұмыс сапарымен арнайы келген Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі Қаныш Төлеушин, цифрландыру саласындағы отандық компаниялардың мамандары, байланыс операторлары мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Облыс әкімінің тұрақты қолдауының нәтижесінде өңірде тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған цифрлық жобалар жүзеге асуда. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде аймақта цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге жол картасы жасалған. Сонымен бірге байланыс

операторларымен де екіжақты жұмыс жүргізілуде. Мәселен, тұрғындар қауіпсіздігі үшін 2025 жылдан бастап қала аумағында 1400 қоғамдық бақылау камерасы, жылдамдықты өлшейтін 60 құрылғы және 20 зияткерлік қиылысты камералар орнатылады. Пилоттық режимде іске қосылған «Сергео» жобасы аясында да қала аумағына 100 қоғамдық бейнебақылау камерасы мен жылдамдықты өлшеуші 10 құрал қойылды.

Мұнан бөлек, жедел басқару орталықтары жаңғыртылып, 7 аудан орталығына да бейнебақылау камералары орнату жоспарда бар. Алдағы кезеңде полиция департаментінің Жедел басқару орталығындағы ақпараттық



жүйелердің мүмкіндіктері мен көрсеткіштеріне де талдау жасалды. Басқосу барысында Қаныш Төлеушин өңірдегі IT бағытта атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді және алдағы міндеттерді бірлесіп атқаруға ниетті екенін жеткізді.

Айта кетейік, облыста «Ақылды қала» бағдарламасының негізгі компоненттерінің басым көпшілігі орындалған. Бұл мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, жол картасы әзірленіп, министрлікке ұсынылған.

## Қызылордадағы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы мәселелері сессияда қаралмақ

Қалалық мәслихаттың биылғы жылғы 20 маусымда өтетін кезекті сессиясында «Қызылорда қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын дамытудың жай-күйі мен өзекті мәселелері туралы» мәселесін қарау жоспарлануда.

Аталған мәселені кезекті сессияға әзірлеу мақсатында қалалық мәслихатта уақытша комиссия құрылып, тиісті жұмыстар жүруде.

Комиссия жұмысы аясында биылғы жылдың 14 маусым күні қалалық мәслихат депутаттары күн тәртібіндегі мәселе бойынша көркейт, көгалдандыру, аяқсу, абаттандыру, жол, тұрғын үй мәселелері бағытында қаламызда жұмыстар жүргізіліп жатқан бірнеше нысандарды аралап көрді.

Депутаттар тоқтаған алғашқы нысан, Мұратбаев көшесі 15,17 көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары орталықтандырылған көріз жүйесіне дұрыс қосылмаған, тұрғын үйлерге бірнеше жыл бұрын жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары сапасыз орындалған, өкірелеріндегі жылу құбыры,

ауыз су құбырлары тозығы жеткен.

Келесі нысан, Н.Назарбаев даңғылының Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейін салынып жатырған жол мәселесі болды. Құрылысы аяқталған соң, аталған көше қаламыздағы екі негізгі көшелерді қосатын ауқымды көшенің біріне айналмақ. Мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС биылғы жылдың шілде айының ішінде жұмыстарды аяқтауды жоспарлауда. Жоба бойынша жаяу жүргіншілер жолы, лоток және жарық шамдарын орнату жұмыстары қарастырылған.

Сонымен бірге депутаттық аралау барысында «Жасыл Қызылорда» мекемесінің қазіргі атқарып отырған жұмыстары, назарға алынды. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, өткен жылдың қыркүйек



айында «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, қазіргі таңда бұрынғы күрделенген проблемаларды шешуге мүмкіндік туып отыр.

Депутаттық аралау шарасы қалалық мәслихатта құрылған уақытша комиссия отырысына жалғасты. Уақытша комиссия отырысына қала әкімінің аппарат басшысы М.Тасқараев, облыстық мәслихаттың депутаты, «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік

кәсіпорнының Қызылорда филиалының директоры Ж.Нұрымбетов, қалалық мәслихат депутаттары, кент және ауылдық округ әкімдері, тиісті дербес бөлімдер мен арнайы шақырылған мекеме басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Комиссия отырысында «Қызылорда қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын дамытудың жай-күйі мен өзекті мәселелері туралы» мәселесі бойынша сөз қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы М.Әбсұлтанов хабарлама жасап, депутаттардың сауалдарына жауап берді.

Уақытша комиссия жұмысына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті. Комиссия отырысында көтерілген ұсынымдар мен пікірлер мәслихат шешіміне енгізіліп, алдағы өтетін кезекті сессияның қарауына ұсынылатын болады.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

## БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӨРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8 777 752 5463; 8 705 982 7661.



## Қызылорданың орталық алаңы ашылды

Бүгін Қызылорда қаласындағы орталық алаң ашылып, жұртшылықтың кешкі демалыс уақытында серуендеуіне қолайлы жағдай туды. Алаңдағы жаңашылдықтарға қала тұрғындары мен қонақтары ризашылық білдірді.

Айта кетейік, өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес аймақтың бас қаласын көркейтуге ерекше маңыз беріліп, игілікті істің бірі орталық алаңда бастау алған болатын. Жоба бойынша алаңға субұрқақтар, кирышқас тас, жолжиек тас төселіп, жарық диодты шамдар қойылып, газон, көпжылдық

жасыл көшеттер отырғызылды. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер қойылды. Мұнда жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары және балалар ойын алаңы да орналастырылған. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылуда. Жоба аясында қала келбеті, орталықтағы негізгі көшенің бірінші бойы көріктене түспек.

Осылайша күрделі жөндеу үшін көптен бері жабық болған алаң бүгін ел игілігіне табысталды. Бұл жоба кәсіпкердің демеушілігімен жүзеге асырылуда.

## Сапалы байланыс орнату мәселелері қаралды

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында байланыс сапасын жақсарту мәселелері қаралды. Ведомство басшылары мен өңір әкімдері атқарылған жұмыстарды баяндады.

Қазір Қызылорда облысындағы 230 ауылдық елді мекеннің 213-і мобильді байланыспен қамтамасыз етілген. Қалған 17-сіне «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылға дейін интернет жеткізу жоспарлануда.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында өңірдің 73 ауылдық елді мекенінің мемлекеттік органдарына ташықты-оптикалық байланыс желісін тарту толығымен аяқталды. Тағы 64 ауыл әкімдігі, 72 білім беру мекемесі және 69 медициналық мекеме желіге қосылды.

Мобильді интернеттің сапасын арттыру мақсатында Қызылорда қаласында Kcell операторының 5G

стандартындағы 16 базалық стансасы, Tele2 байланыс операторының 7 нүктесі жұмыс жасауда. Жыл соңына дейін 33 базалық станса орнатылады. Биыл «Қар-Тел» компаниясы 10 ауылдық елді мекенге базалық станция салуды жоспарлауда.

Мұнан бөлек, «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Қызылорда облысындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойына 9 антенна-діңгек орнатылмақ. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін бюджеттік етнім беріліп, аудан әкімдіктері жер телімдерін бөлді. Ташықты-оптикалық байланыс желісі мен электр энергиясына техникалық құжаттар алынды, құрылыс басқармасы жобалау жұмыстарымен айналысатын мекемені анықтады.



## ҚОС ДИПЛОМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің байланысы нығая түсті. Олай деуімізге себеп – іргелі екі оқу орны қос диплом беру бағдарламасын іске асырып, тереңдетілген сапалы білім беру жобаларын жүзеге асырмақ.**

Осыдан 1 жыл бұрын екі тараптық келісім нәтижесінде, 2023 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері қос диплом бағдарламасы бойынша білім алмақ. Бұл мүмкіндік Ел Президенті қатысқан Қазақстан-Корей бизнес форумы барысында университеттер арасындағы келісім бойынша қол жеткізілді. Осыған орай, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбітқұл Қаримова БАҚ өкілдеріне өткізген брифинг барысында толықтай баяндап берді.

– 2023 жылдың мамыр айында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың Сеулге сапары барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламасын құру мүмкіндігі туралы келіссөздер өткен болатын. Осы келіссөз нәтижесінде біздің университет базасында жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Бұл институтта киберқауіпсіздік, бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелер және информатика бойынша бірлескен білім беру жобасы әзірленді. Осы оқу жылынан бастап студенттер аталған бағдарламалар бойынша білім алады. Сонымен қатар, осы жылдың қауыр айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің

Сеултехиені жұмыс сапары барысында білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту және қос диплом бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Корей Республикасы Президенті Юн Сок Ельдің мемлекеттік сапары аясында Астана қаласында Инвестициялар және бизнес, ғылым және білім беру саласында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Осы іс-шаралар шеңберінде Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасында «AI architect», «Data management» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат деңгейінде кадрлар даярлау туралы екіжақты келісімге қол қойылды. Айта кетейін, қос диплом беру бағдарламасына сәйкес, Корей Республикасының білікті ұстаздары біздің студенттерге сабақ беріп, озық тәжірибелерімен бөліседі, – деді ректор Бейбітқұл Қаримова.

Жасанды интеллект – заман талабы. Жүйе пайда болғалы адамдардың өмірі айтарлықтай жеңілдеді деуге болады. Ал бұл саланың мамандарын дайындаудағы жұмыстарды жоғарғы оқу орындары қалай шешуде?

– Студенттерді қос диплом бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау 2025-2026 оқу жылынан басталады. Бағдарламаны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебіне түскен студенттер пайдалана алады. Келісім аясында студенттер Қазақстанда алғашқы төрт семестр оқиды, келесі төрт семестрді Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінде жалғастырады. Қабылданатын студенттер ағылшын тілі пәнін еркін меңгергендігі және салаға тегін қызығушылығы ескеріледі, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Серікқұлы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН ЖИЫН ӨТКІЗІЛДІ

**Қызылорда қаласы әкімдігінің мәжіліс залында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормалары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету» мақсатында жиын өтті.**

Жиынды қала әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі Мұрат Тасқараев жүргізді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бүгінгі күні күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналған. Бұл ретте аппарат басшысы тиіс сала мамандарына ҚР «Еңбек кодексі», Әдеп кодексі, ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» заңнамаларының қатаң сақталуын және заңбұзушылықтарды болдырмау және алдын-алу бағытында нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста мемлекеттік қызметшілерге қойылатын, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау жөніндегі талаптарды да қатаң ұстау ескерілді. Қызметкерлердің бір-біріне деген қарым-қатынастағы ізгілік, белсенділік, бір-біріне өзара көмек көрсету, қамқор, сыпайы әрі әдепті болу турасында түсіндірме айтылып, ұжымда он моральдық-психологиялық ахуал орнатуға ұжымдағы әрбір қызметшінің рөлі маңызды екені айтылды.

## ЖЕКЕ КУӘЛІККЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

**15 маусымнан бастап Қазақстан азаматтарының жеке куәлігі жаңа үлгіде беріле бастайды. Жаңа үлгідегі құжатта жеке куәлік иесінің азаматтығы мен жынысы туралы деректер көрсетілетін болады. Бұрын бұл мәліметтер жеке куәлікке салынған чипте орналасқан еді. Дегенмен, жаңа үлгідегі жеке құжатты жаппай ауыстыру міндеттелмейді. Азаматтар жеке куәліктің жарамдылық мерзімі өткеннен кейін жаңа үлгідегі куәлікке не болмақ. Бұл туралы Қош-қон қызметі басқармасы басшысының орынбасары Сағындық Камитбеков хабарлады.**



– ҚР Ішкі істер министрінің осы жылдың 13 маусымда құжат үлгісін бекіту туралы бұйрығына өзгерістер енгізілді. Осыған сәйкес, ҚР азаматының жеке куәлігінің беткі жағында құжат иесінің фотобейнесі, қолы және дербес деректері, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жынысы және жеке сәйкестендіру нөмері орналасады. Ал жеке куәліктің артық бетінде туған жері, ұлты, азаматтығы, берілген күні, қолдану мерзімі және тиісті органның аты көрсетіледі. Жеке куәлікке өзгеріс енгізілгенмен, жаңа үлгідегі құжатты тек жарамдылық мерзімі аяқталған кейін алуға болады. Халықтың жаппай құжаттарын ауыстыруына міндетті емес, –

деді Сағындық Убайдуллаұлы. Брифинг барысында «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ облыстық филиалының директорының орынбасары Айдос Серекеев жеке куәлік алуға басты талаптарды атап өтті.

– ҚР азаматына жеке куәлікті рәсімдеу 16 жасқа толғаннан кейін беріледі. Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2023 жылы 90 806, ал 2024 жылы жылдың 5 айында 43 412 жеке куәлік ҚР азаматтарына табысты. 16 жасқа толғаннан кейін жеке куәлік алу үшін заңды өкілі барып, баланың туу туралы аяқталған кейін алуға қажет. Жеке куәлік 10 жыл мерзімге беріледі, – деді Айдос Алмасұлы.

## ТҮНГІ ҚАЛА: БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Өздеріңізге белгілі, мектеп бітіру кештеріне байланысты бейресми жиындарды, оның ішінде автошерулар, отырғыс кештері мен топтасып жиналулар ұйымдастыруға қатаң тыйым салынған болатын.

Осы ретте, 14 маусым күні құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті бұзбау, оның ішінде мектеп түлектерінің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларына жол бермеу мақсатында кең ауқымды жұмыс жүргізілді.

Қала әкімдігі жанынан құрылған мобилді топ қаладағы ойын-сауық орындарын, саябақтар, скверлер, аллеялар мен аулаларды аралады. Полиция басқармасы жастар көп жиналатын жерлерде патрульдік қызмет жасақтарын күшейтті, шомылу орындарын бақылауға алды.

Рейд барысында көмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын үйден тыс жерде болуының 25 дерегі тіркелді. Бұдан бөлек, көмелетке толмағандардың тыйым салынған аумақтарда суға түсуіне жол бергені үшін 3 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.



## ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛУДА

Қала тұрғындары сапалы әрі үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында Биыл Қызылорда қаласында инвестициялық бағдарлама аясында 21,5 шақырым әуе желісі мен 3 дана қосалқы станция жаңғыртылуда. Электр желілерінен бөлек, 1,2 шақырым кабельдік электр желілері де жөндемек.

Жалпы, электр желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары қаланың Южный, Жаңа базар аумағы, «Достық үйі» маңы, Шымбай көшелерінде жүргізілуде.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында 1777 дана заманауи талапқа сай электр энергиясын есепке алу аспаптары орнатылады және АСКУЭ жүйесіне қосылады.

## ШИЕЛІ АУДАНЫНДА САЙЛАУ ӨТТІ

**16 маусым, жексенбі күні шиеліліктер келешек үшін таңдау жасады. Нақтырақ айтсақ, Шиелі ауданына қарасты 3 ауылдық округі әкімдерінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты сайлау өтті. Жергілікті тұрғындар Жанатұрмыс, Еңбекші, Қарғалы елді мекенінің басшысы болуға үмітті кандидаттарға дауыс беріп, маңызды шешім қабылдады.**

Сайлаушылар жоспары күні таңғы уақыттан бастап №280, №297, №303 сайлау учаскелеріне асықты. Негізгі мақсат – халық сенімін ақтап, ел үдесінен шығатын азаматқа дауыс беру.

Аталған учаскелерге барлығы 19 комиссия мүшесі тартылды. 3 округ бойынша 2 мыңнан аса сайлаушы дауыс беру құқына ие болды. Атап айтсақ, Жанатұрмыста 628, Еңбекшіде 1 035, Қарғалыда 704 сайлаушы бар. Елді мекендерден 8 кандидат сайлау бюллетеніне енгізілген болатын. Олардың 7-і өзін-өзі ұсынған болса, 1-і саяси партия атынан бақ сынады.

Ауыл тұрғындарының

сайлауға ерекше белсенділікпен, жоғары жауапкершілікпен қатысқанын атап өту керек. Олардың қатарында еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін бар.

Мәселен, көпбалалы отбасылар, ұжыммен бірге келген қызметкерлер, спорттық жарысқа қатысушы азаматтар мен ақсақалдар, жасөспірімдер мен асқаулықтар саяси науқан төрінен бой көрсетті. Өздеріне жүктелген жауапкершілікті сезініп, арнайы кабиналарда қалаған кандидатқа дауыс берді. Сайлау күні алғашқы сайлаушылар мен тұңғыш рет дауыс берген жандарға арнайы сыйлықтар да табысты.

– Сайлауға қатысу әрі дауыс беру – бәріміздің Отан алдындағы міндетіміз. Расында, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға жағдай жасап, елге қызмет етер әкімімізді сайлауда дұрыс таңдау жасау өте маңызды, – дейді олар.

Дауыс берушілер қатарында арнайы учаскеге баруға мүмкіндігі жоқ азаматтар да болды. Атаулы күні 3 ауылдық округ бойынша 39 сайлаушы үйден дауыс беруге өтініш қалдырған. Олар тасымалданатын жәшік арқылы сайлау процесіне қатысты.

Сайлау уақыты кешкі 20:00-ге дейін созылды. Дауыс беру қорытындысымен Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округінің әкімі болып өзін-өзі ұсыну жолымен бақ сынаған Жүсіпов Елдос Айтөреұлы сайлаушылардың 651 дауысын жинап, әкім атанса, Шиелі ауданы Жанатұрмыс ауылдық округінің әкімі болып 484 дауыспен Шәкіртаев Балдаурен Тұрсынбайұлы сайланды.

Балдаурен Шәкіртаев сайлауға «AMANAT» партиясы атынан қатысқан болатын. Ал Шиелі ауданы Қарғалы ауылдық округіне өзін-өзі ұсынған Әбуов Дәулетияр Ұмбетиярұлы сайлаушылардың 362 дауысымен жеңіске жетті.

Арда азаматтардың алдында енді арқалаған жауапкершілікке адал болу міндеті тұр. Бұл ретте қандай да жұмыстың жүйелі әрі сапалы атқарылуы басы білігіне тікелей байланысты. Әкімдердің ауылдардың хал-ауқатын назардан қалт жібермей, өзекті мәселелерді шешуге барынша күш саларына сенеміз. Ендеше, кезегін күтіп тұрған жаңа істер нәтижелі болғай!

Қоса кеткен жөн, ауылдық округ әкімдерін сайлау науқанын келесі айда қос ауылда жалғасын таппақ. 7 шілде күні Шиелі іргесіндегі Ақмая және Тұран ауылдық округтері әкімінің сайлауы өткізіледі. Науқан күнтізбелік жоспар аясында ұйымдастырылмақ.

## Облыстық кітапхана жаңа кітап қорымен толықты

**Қызылорда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапхананың өнер бөлімі қорына жаңадан көптеген әдебиеттер келіп түсуде. Оның ішінде киім дизайны, психология мамандығының білім алушыларына, музыкалық өнер факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған әдебиеттер оқырман назарына ұсынылады.**



Сонымен қатар кітапхана қоры Қызылорда қалалық өнер мектебінің ұстазы Дархан Жаңабаяқтың «Күй ордасы» атты кітабымен толықты.

Жаңа кітапта домбырашы-композиторлардың күйлері мен әндерін, ансамбль мен оркестрге арналған шығармаларын біріктіріп, нотаға түсіріп, бейне құрамын QR код арқылы беріп отыр.

Сонымен қатар Басықара Ерсайын мен Көбенғалиев Бауыржанның «Мереке» атты кітабы примаман халық аспаптар оркестріне лайықталған шығармалар. Осы репертуарлық жинақтың ішіндегі Қазақстан мен шетел композиторларының шығармаларын оркестрлер әртүрлі сахналарда орындап жүр.

Сонымен қатар Сарттарова Лаззаттын «Тігін бұйымдарын

конструктивті үлгілеу», У.Демезованың «Дизайн негіздері» атты оқулықтарда ерлерге және әйелдерге арналған киімдерді құрастыру теориясы мен практикасын зерттеуге арналған материалдар ұсынылған.

Мұндай әдебиеттер болашақ дизайнерлерге таптырмас көмекші құрал болып табылады.

Әнші, композитор «Созақтың Шәмшісіне» айналған Әділбек Нысанбаевтың «Бабаларға тағзым» ән жинағы музыка мектебі оқушылары, жоғары оқу орындары студенттері мен әншілер қауымға арналған.

Халқымыздың сан ғасырлық жинақтың ішіндегі Қазақстан үлгілері «Атамұра» мектеп кітапханасы» сериясымен мектеп жасындағы балаларға лайықтап «Лиро-эпостық жырлар» атты кітабы өз оқырманын күтуде.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

**Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмаларының орындалуы мен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының жүзеге асырылуы барысын қадағалау үшін облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралады. Аралауға облыстық мәслихат төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі барды.**

Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Бұл акцияның туган жердің табиғатын, қоршаған ортаны қорғауға жұртшылықты жұмылдырудағы маңызын ерекше атап өту керек. Осы уақыт аралығында барлық елді мекенде үлкен-кіші түгел атсалысқан

санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-қоғалдандыру жұмыстары жүргізілді. Президент бастамасына еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері бірігіп қолдау білдіріп, 9 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылды. Елді мекендердегі

скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су айдындары, аулалар мен көше бойы тазартылды. Оған 500-ден аса техника жұмылдырылды.

Экологиялық акцияның негізгі бағытының бірі көркейту-қоғалдандыру болғандықтан, өңір

климатына жерсінетін қарағаш, терек және Сыр талының 129 мыңнан астам көшеті егілді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары жұмыстарды сапалы жүргізіп, тапсырманың орындалуын мұқият қадағалауды тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат



## СЫРДАРИЯ АУДАНЫНА 6 АВТОКӨЛІКТІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Дертке шипа, адам жанына араша бола білген медицина мамандығы қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Жас пен жасамыстың денсаулығына жігіт көңіл бөлетін ақ халаты абзал жандар қашанда бар мақтауға лайық. Дені сау адам – табиғаттың ең бағалы жемісі десек, қоғам өмірінде тән рақаты – денсаулық екенін сезінген қаншама адам бар. Жан саулығын жақсартуға барын салған медицина мамандарының өлшеусіз еңбегі қайталанбас ерліктің үлгісі.

Елімізде жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде медицина қызметкерлері күні» кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Негізінен, аудан медицинасының тарихы тереңде жатыр. Ең алғаш 1938 жылы Сырдария ауданында 15 төсектің аурухана ашылған. Сол уақыттан бері аудан медицинасы жергілікті халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Ел егемендігі алған тұста медицина саласында ауқымды өзгерістер орын алып, дертке дауа тапқан дәрігерлер зор тәжірибе жинақтап, медицина мамандарына айналды. Осыдан 31 жыл бұрын ауданымызда ел есінде қалған оқиға аудандық аурухананың 175 орынға лайықтандырылған ғимаратқа көшуі еді. Міне, сол уақыттан бері жергілікті халыққа кедргісіз жұмыс істеп келе жатқан аудандық

аурухананың материалдық базасы ұдайы жаңартылып отырылады. Осыдан 10 жыл бұрын ауысымына 250 орындық аудандық емхана ашылып, бүгінде аталған емдеу мекемесі аудан халқын қабылдауда. Тәуелсіздік алған сәттен аудандық аурухананы денсаулық сақтау ісінің үздігі Рүстем Салдықов, Абдулла Арғынбаев, Жақсыбай Баймурзаев, Сексенбай Ермбетов, Манат Салықова, Нұржамал Мырзағалиева аудан медицинасының көш ілгері басуына өзіндік үлестерін қосып, қажырлы еңбек ете білді. Іргелі ұжымды қазіргі уақытта білікті басшы Жалғасбек Үсенов басқарауда.

Бүгінде Сырдария аудандық ауруханасында 68 дәрігер, 394 медбике, 120 кіші буын қызметкері бар. Сонымен



қатар жергілікті тұрғындарға аудандық аурухана базасында «Жан сақтау», «Хирургия», «Гинекология», «Терапия», «Балалар» «Қабылдау», «Жұқпалы аурулар», «Перзентхана», «Оналту және паллиативтік көмек» бөлімшесі есігін айқара ашса, ал емханада «Тіркеу», «Жалпы тәжірибелік», «Алдын алу және психологиялық көмек көрсету», «Функционалды диагностикалық», «Тар буынды мамандар», «Амбулаториялық калпына келтіру емі», «Сүндізгі стационар» «Әкімшілік» бөлімі

өз емделушілерін күтеді.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Сыр өңірінде салынған 27 медициналық нысанның алғашқысы – Нағи Ілиясов ауылдағы дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Ал өткен жылдың соңында санитариялық жаңа автокөлік пайдалануға берілсе, биыл кәсіби мереке қарсаңында Сырдария ауданына 6 автокөліктің кілті табысталды. Аманкелді ауылдық дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде.

Өткен жылы Сырдария ауданында 724 сәби дүниеге келген. Оның ішінде, 386 қамшы ұстар, 338 кесте тігер сырдариялық отбасылардың көз қуанышына айналған.

Өткен жылы Сырдария аудандық ауруханасының базасында дәрігерлер 93 ота жасап, адам өмірін аршаллап қалды. Ілкімді істер аудан мерейін асырып, сала мамандары жоғарғы марапат төрінен көрінуде. Сала ардагерлерін ұдайы құрмет көрсетіліп, арнайы куәлік табысталды.



### Қытай әлемдегі ең үлкен күн электр станциясын іске қосты

Қытайда Нью-Йорк көлемімен тең әлемдегі ең үлкен күн электр станциясы іске қосылды.

Басшылығының мәліметінше, станса жылына 6 миллиард киловатт-сағаттан астам энергия өндіруге қауқарлы және бұл көлем шағын елді энергиямен толық қамтамасыз етуге жетеді. Бұл электр станциясы Шыңжаңның батыс бөлігіндегі шөлді аймағында орналасқан және 200 мың гектар аумақты алып жатыр.

Қытайдың бүгінде күн энергиясын өндіру бойынша әлемде көшбасшы екені еңе 2023 жылы қуатын 50 пайыздан астамға арттыратыны атап өтілді. Жаңа күн электр станциясы Қытайдағы Ningxia Teneggeji және Golmud Wutumeiren жобаларын басып озып, әлемдегі ең үлкен станцияға айналды. Халықаралық энергетикалық агенттік Қытайдың энергетикалық саясатына қатысты болжамдар жасады. Оның айтуынша, 2028 жылға қарай Қытай дүние жүзінде өндіретін жаңартылатын энергияның шамамен 60 пайызына ие болады. Бұған қоса, Қытай 2030 жылға қарай әлемдегі жаңа қуаттардың жартысынан көбін шығаруды жоспарлап отыр.

Longi Green Energy Technology компаниясының бағалауы бойынша, 2023 жылға қарай жақын болашақта Қытай шатырлар мен ғимараттарға күн батареяларын орнату арқылы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы барлық үй шаруашылықтарын қуаттандыруға жеткілікті электр қуатын өндіреді. Сонымен қатар, Қытайдың күн панелдері өндірісін жылдам кеңейтуі де оның әлемдік нарықта артық энергия шығаруы және күштеген экономикалық салдарға әкелуі мүмкін деген аландаушылық тудырады.

### Қырғызстанда алапат сел 10 жасар баланың өмірін қиды

Қырғызстанның Жалал-Абад облысының ауылдарында сел салдарынан 300 үйдің тұрғыны эвакуацияланды.

Елдің ТЖМ баспасөз қызметінің мәліметінше, бір күн бұрын сағат 17.30-да Ноокен ауданына қарасты Ескі-Қошқор-Ата, Бостон ауылдарында қатты жаңбырдан кейін лай көшкіні түскен. Құтқарушылар, полициялар, жедел жәрдем бригадалары, азаматтық қорғау қызметкерлері оның салдарын жою жұмыстарын жүргізіп жатыр. Табиғи апаттан 10 жасар бала қаза тапты. Жергілікті тұрғындар оның денесін кеше сағат 19.10-да тапты.

### Газадағы құрбандар саны 37 372-ге жетті

2023 жылдың 7 қазанынан бері Газа секторында Израильдің жалғасып жатқан шабуылы салдарынан қаза тапқан палестиналықтардың саны 37 372-ге өсті. Газа секторындағы Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеді.

Хабарға сәйкес, соңғы 24 сағат ішінде Израиль армиясы Газа секторының әртүрлі аймақтарында үш рет қасаған шабуылы нәтижесінде 25 палестиналық көз жұмған. Бұдан бөлек, тағы 80 адам зардап шеккен.

Осылайша, 7 қазаннан бері жалғасқан Израиль шабуылы кезінде қаза тапқандардың жалпы саны 37 372-ге, жараланғандар саны 85 452-ге жетті, деп хабарлады Газа Денсаулық сақтау министрлігі.

Қаза тапқандардың денесі әлі қираған ғимараттардың астында және жол жиектерінде жатыр. Жедел жәрдем және азаматтық қорғаныс топтары Израиль күштері тудырған кедергілерге байланысты оларға жете алмай отыр, деп қосты ведомство.

### Үндістанда екі пойыз соқтығысып, 15 адам қаза тапты

Үндістанның Батыс Бенгалия штатында жолушылар пойызы мен жүк пойызы соқтығысып, кем дегенде 15 адам қаза тапты.

Қаза тапқандар арасында жүргізушілердің бірі бар. Тағы 60-қа жуық адам жарақат алды. Бұған дейін 5 адам қаза тауып, 20-дан астам адам жарақат алғаны туралы хабарланған болатын. Жергілікті полиция өкілі Абхисhek Рой тілшілерге «жағдай күрделі» екенін мәлімдеді. Пойыздар жергілікті уақыт бойынша 09:00 шамасында соқтығысты. Мәлім болғандай, Рангапани станциясының маңында жүк пойызы жүрдек пойызға соқтығысқан. Оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр. Үндістан премьер-министрі Нарендра Моди қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тіледі.

## Аудандық соттар Кассациялық инстанция құру мәселелерін талқылады



Байқоңыр қалалық және Арал, Қазалы, Сырдария аудандық соттарында «Кассациялық инстанцияны құрудың маңыздылығы» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді. Шараға сот төрағалары, судьялар, адвокаттар, сот орындаушылар, билер кеңесінің мүшелері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Дөңгелек үстел барысында кассациялық инстанция құрудың маңыздылығына назар аударылып, жаңа инстанция сот төрелігінің сапасын және азаматтардың соттарға деген сенімін арттыратыны айтылды. Қатысушылармен кассациялық инстанция құру туралы өзара пікір алмасып, өздерінің ұсыныстарын білдірді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ЖИЫН ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Сот қаникулы» пилоттық жобасын талқылауға арналған жиын өткізілді. Оған азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасының міндетін атқарушы С.Жуынтаева, облыстық соттың судьялары, Департамент басшысы С.Сүлеймен, Департамент басшысының орынбасары Е.Бөрібаев, бөлім басшылары, пилоттық жобаға қатысатын соттардың судьялары мен жауапты мамандары қатысты.

Жиынды алқа төрағасының міндетін атқарушы С.Жуынтаева ашып, санаулы күндерден кейін Қызылорда соттарында пилоттық жоба жүзеге асырылатынын атап өтіп, жобаның маңыздылығына тоқталды. Пилоттық жоба бойынша судьялар мен сот қызметкерлері белгілі бір мерзімде бір уақытта демалысқа шығады. Олар болмаған кезде талап қоюларды қабылдау және бөлу, шұғыл іс жүргізу әрекеттерін қабылдаумен кезекші судьялар айналысатын болады.

Жиында пилоттық жобаны жүзеге асыру кезінде істердің қаралу мерзімін қатаң сақтау керектігі айтылды. Департамент басшысы С.Сүлеймен пилоттық жоба туралы өз пікірін білдірсе, басшы орынбасары Е.Бөрібаев пилоттық жобаны жүзеге асыру кезінде істер мен талап қоюларды бөлу тәртібі туралы баяндама жасады. Пилоттық жоба арқылы азаматтар сот демалысының мерзімін алдын ала біле отырып, жазғы уақытта сотқа жүгіну мерзімін жоспарлай алады.



Жиынға қатысушылар пилоттық жобаны жүзеге асыру бойынша өз пікірлерін ортаға салды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ҚАЗАҚСТАНДА КІМДЕРДІҢ НЕСИЕСІ КЕШІРІЛЕТІНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Жалақысы төмен немесе науқас азаматтың несиесін кешіруге болады. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ашық НҚА порталында несиенің кешірілетіні туралы қоғамдық талқылауға шығарды, деп хабарлайды KYN.KZ ақпарат агенттігі.

Жалақысы төмен немесе науқас азаматтың несиесін кешіруге болады. Агенттік қарыздарды өтеудің осылай басталатын ережелерін әзірлеген. Ендеше, төлемді кейінге қалдыру немесе қарызды кешіру туралы кім өтініш бере алады?

- АИТВ-инфекциясы салдарынан екі айдан астам мүгедек болып қалғандар, III топтағы мүгедектер, туберкулезбен ауыратын науқастар;
- жақын туыстары ауырып немесе қайтыс болған қарыз алушылар;
- апаттардан, өрттерден, су тасқынынан зардап шеккендер,
- ресми тіркелген жұмыссыздар, олардың орташа айлық табысы 30% төмендеді;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылған немесе отбасында осындай мәртебесі бар мүшесі бар жұмыссыздар.

## БАЛАЛАРДЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҮЙРЕТЕЙІК

Қазіргі заманда өмірге қауіп төндіретін жағдайға тап болу өте жиі кездеседі. Балаларды далаға ойнауға, қонаққа жібергенде немесе үйде өздерін қалдырғанда олармен еш жамандық болмайды және олардың өміріне ешқандай қауіп жоқ деп үміттенеміз. Өкінішке орай, статистикаға сүйенсек балалардың кесірінен болатын өрттер мен балалардың өлімі жиі болып жатқанын көрсетуде. Балалар өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: баулық шактан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс. Бастысы балаға ашық от өте қауіпті екенін, от жаракаттайтынын, ауыртатынын, тіпті адам өліміне әкеп соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет. Бала жану және өрт жағдайлары болмау үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай саскалақтап қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шыққан жағдайларда үрейленіп,

тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзіне қандай қауіп төніп тұрғанын білмеуі себепті бала өзін осылай ұстайды. Білім жоққа үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң және ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Үрей мен саскалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалту. Үлкендердің міндеті балаларға қажетті білімді менгерту болып табылады. Бастысы балаларға қарапайым тілмен үйрету немесе ойын арқылы қажетті білімді менгерту болып табылады. Қорқыныш үрейді, саскалақтауды тудырады. Өрт болған жағдайда жылдамдатып өртке қарсы қызметінің «101» немесе «112» нөміріне телефон шалу қажет. Өрт сөндірушілерді шақыра отырып, оларға нақты түрде аудан немесе елді мекеннің көше атауларын, үй нөмірін, қабын, өрт қай жерден шыққанын айту керек. Не жанып жатқанын айқындап айту қажет. Сондай-ақ кім соғып тұрғанын, телефон нөмірін міндетті түрде хабарлау қажет.

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ТЖД МЕМЛЕКЕТТІК ӨРТ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ**



17.06-23.06.2024

Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)

Айналыңызда не болып жатқанын мұқият бақылауға тырысыңыз...



Торпақ (21 сәуір- 20 мамыр)

Күннің бірінші жартысында алаңдаушылық пен уайымнан құтылуыңыз екіталай...



Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Күннің басында шиеленісті сәттер болуы мүмкін, бірақ олар туралы алаңдауға тұрарлық емес...



Шаян (22 маусым-22 шілде)

Сіз әсіресе байсалды және шешімді боласыз және туындауы мүмкін қиындықтарды міндетті түрде жеңесіз...



Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Ұзақ уақытқа ештеңені кейінге қалдырмағаныңыз жөн. Сіз бизнеске неғұрлым тезірек кіріссеніз, соғұрлым қиындықтар аз болады...



Биқеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Жұмыс және бизнес-жоспарлар туралы сөйлесуге, пікірлер мен одақтасуларды табуға қолайлы күн...



Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Бұл күн қандай да бір маңызды оқиғалар немесе үлкен өзгерістер әкелетіні екіталай, бірақ ол өте жағымды өтеді...



Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Күн қарбалас, бірақ сәтті болады. Сізді жоспарларды өзгертуге, кейбір нәрселерді басқалар үшін кейінге қалдыруға, шұғылтырақ нәрселерге мәжбүрлейтін күтпеген жаңалықтар болуы мүмкін...



Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Күн өте жемісті болады. Тым асықпасаныз да, өзіңіз үшін және басқалар үшін көптеген пайдалы нәрселерді жасауға уақытыңыз болуы мүмкін...



Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Күннің басында сабырлықты сақтау қиын болады. Осы уақытта сіз болып жатқан барлық нәрсеге әсіресе өткір әрекет етесіз...



Сукүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)

Қызықты ойлар мен тамаша идеялар күні. Сіз мүлдем жаңа мақсаттарға жету үшін жоспарларыңызды түбегейлі өзгертіңіз келуі мүмкін...



Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Күннің басында болмашы түсініспеушіліктер мен жағымсыз тосынсыялар болуы мүмкін. Сіздің орныңыздағы басқалар қобалжыйды, бірақ сіз барлық туындаған мәселелерді дәйекті түрде шешіп, табысқа деген сенімділікті сақтайсыз...



Зиянды әдет және жауапты мінез құлық

Бүгінгі таңда жасыратыны жоқ бізді қоршаған ортамызды жаман әдетті аурулар қаптап кетті. Олар, нашақорлық, ЖИТС, ішімдікке салыну сияқтыларды айта аламыз...

Жалпы есірткі заттар адамзатқа өте ертеден белгілі және оны емдік және еліктергіш құрал ретінде өткен ғасырлардың дәрі өзінде-ақ қолданған...

Ал енді нашақорлықтың адам өміріне тигізер әсері өзімізге белгілі. Онымен айналысқаннан кейін бұзақылық жасау, қорлық көрсету т.б. жасауға итермелейді...

Адам баласын бойында өзін-өзі сақтандыратын қасиеттер болады. Соны дұрыс пайдаланған жөн. Әйтпесе нашаға елігіп, бір сәттік рахат сезімге алданып, соның зардабын өмір бойы тартуы мүмкін...

Енді, нашақорларды теледидардан немесе өмірден көріп жүрміз, баспасөзден оқып жүрміз, ал олардың зардаптары туралы не білеміз, нашақорлық неге апарып соқтырады, осы сұрақтарға жауап іздейік.

Сонымен, нашақорлықтың шын мәнінде қоғам үшін, отбасы үшін зардабы зор екенін білдік. Жас жеткіншек! Сіз өзіңізді өзін-өзі құрметтеуге тиіссіз. Бойыңыздағы бар қабілетіңізді тек жақсылыққа бағыттауыңыз.

Б.ПАРМАНҚҰЛОВ, АИТВ-инфекциясының алдын алу облыстық орталығының Шиели ауданындағы филиалының дәрігер эпидемиолог-көмекшісі

АИТВ және ТУБЕРКУЛЕЗ

ЖИТС індетінің басталуы дүние жүзінде туберкулез оқиғасының өсуіне байланысты болып отыр, себебі иммунитеті төмендеген, АИТВ-сы бар адамдар, туберкулезге көбірек шалдығады...

Иммундық мәртебесі өте төмен адамдар, өкпеден бөлінген бактерия басқа да органдарға таралған кезде «өкпеден тыс туберкулез» ауруына шалдығады.

Туберкулез мұндай жағдайда лимфа жүйесін, сүйек ұлпасын, оның ішінде омыртқа мен ірі буындарды, ас қорыту органдарын, бүйректі, ал ауыр жағдайында – омыртқа жұлынның мен бас миын зақымдауы мүмкін.

Иммунды жүйесі әлсіреген адамдарда, туберкулинді сезу қарсылығы да әлсіз болады және оның теріс жауабы, барлық уақытта бірдей туберкулездің жоқ екендігінің растауы болып табылмайды.

Жасырын (мүлгіген) деген ұғым – адам ТБ жұқтырған, алайда ауру емес дегенді білдіреді. Профилактикалық емдеуге арналған көрсеткіштерге, жұмыс орнында не үйінде МТБ берілу мүмкіндігі болған пациенттер жатады.

Г.КЕРИМОВА, АИТВ орталығы Қазалы филиалы медбикесі



ӘР НАУҚАСҚА ҚАМҚОРЛЫҚПЕН

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру, халықпен кері байланыс, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру. Осы және өзге де мәселелер Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының өкілдерінің Қызылорда қаласындағы емханалар ұжымдарымен кездесуі барысында талқыланды.

Қызылорда облысында 25 медициналық ұйым бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Бүгінгі таңда №1, №3, №4, №5, №6 және қалалық орталық емханаларда кездесулер ұйымдастырылып, медициналық қызметтердің сапасын арттыру, МӘМС жүйесі туралы хабардар ету, медицина қызметкерінің оқыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл шаралары талқыланды.

ӘМСҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов атап өткендей, емханалардың медицина қызметкерлері отбасылық қызмет көрсету қағидатын, медициналық деонтология (этика) ережелерін ұстануы тиіс екендігі аталып өтті.

ЗАБОТА О КАЖДОМ ПАЦИЕНТЕ

Совершенствование системы обязательного социального медицинского страхования, обратной связи с населением, повышение качества медобслуживания. Эти и другие вопросы обсуждены в ходе встречи руководства филиала Фонда социального страхования по Кызылординской области с коллективами поликлиник г.Кызылорда.

В Кызылординской области 25 медицинских организаций оказывают услуги первичной медико-санитарной помощи. На встречах в поликлиниках №1, №3, №4, №5, №6, городской центральной поликлинике обсуждены меры по взаимодействию в вопросах повышения качества медицинских услуг, повышению осведомленности о системе ОСМС, обучения медицинских работников аспектам страховой медицины.

Как отметил директор областного филиала ФСМС по Кызылординской области Бахыт Исмаханбетов, медработники поликлиник должны придерживаться семейного принципа обслуживания, правил медицинской деонтологии (этики). «Взаимоуважение между врачом и пациентом содействует успешному проведению лечебных мероприятий. Медицинский работник должен быть заинтересован в том, чтобы пациент получил доступную и квалифицированную медицинскую помощь. Наша задача – снизить риски выпадения граждан из системы и повысить их доверие к ОСМС», - подчеркнул Бахыт Исмаханбетов.

В ходе обсуждения врачи обратились с рядом интересующих вопросов. Были даны исчерпывающие ответы. В завершении Фонд и поставщики медуслуг подписали Соглашения о совершенствовании обратной связи.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Данияр Сұлтанбеков Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы: Тоқмағанбетов көшесі 36 а, 1 қабат 7 кабинет Телефон: 8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62 Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана Индекс 66503 Тапсырыс №138

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/